

**"Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру үйімінда дарынды балалардың оқуына ақы төлеу үшін Қазақстан Республикасы Президентінің "Өркен" білім беру грантын тағайындауға арналған конкурсқа қатысу үшін құжаттар қабылдау"**  
**мемлекеттік қызметтің көрсету қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 сәуірдегі № 164 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 29 сәуірде № 20509 болып тіркелді.

**Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.05.2024 № 117 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған "Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру үйімінда дарынды балалардың оқуына ақы төлеу үшін Қазақстан Республикасы Президентінің "Өркен" білім беру грантын тағайындауға арналған конкурсқа қатысу үшін құжаттар қабылдау" мемлекеттік қызметтің көрсету қағидалары бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.05.2024 № 117 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім беру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Ш.Т. Кариноваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар және  
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2020 жылғы 27 сәуірдегі  
№ 164 бұйрығымен  
бекітілген

**"Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру үйімінда дарынды балалардың оқуына ақы төлеу үшін Қазақстан Республикасы Президентінің "Өркен" білім беру грантын тағайындауға арналған конкурсқа қатысу үшін құжаттар қабылдау" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары**

**Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.05.2024 № 117 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.01.2023 № 21 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы "Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру үйімінда дарынды балалардың оқуына ақы төлеу үшін Қазақстан Республикасы Президентінің "Өркен" білім беру грантын тағайындауға арналған конкурсқа қатысу үшін құжаттар қабылдау" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру үйімдарының құжаттарды қабылдау тәртібін айқындайды.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.05.2024 № 117 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. "Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру үйімінда дарынды балалардың оқуына ақы төлеу үшін Қазақстан Республикасы Президентінің "Өркен" білім беру грантын тағайындауға арналған конкурсқа қатысу үшін құжаттар қабылдау" мемлекеттік қызметін (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) "Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру үйімы (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде білім беру саласындағы уәкілетті орган нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркегеннен

кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті берушілерге, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - КР Оқу-ағарту министрінің 23.05.2024 № 117 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **2-тарау. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету тәртібі**

3. Құжаттарды қабылдау және үміткерлерді конкурсның іріктеуден өткізуді ұйымдастыру үшін көрсетілетін қызметті беруші педагогикалық қызметкерлер, әкімшілік-басқару және оқу-көмекші қызметкерлерден қабылдау комиссиясын құрады.

Қабылдау комиссиясының құрамына қабылдау комиссиясының төрағасы, техникалық хатшы, тіркеушілер, ғимараттың сыртқы және ішкі аумағын бақылайтын кезекшілер, аудитория кезекшілері, тестілеу әкімшілері, медциналық қызметкерлер, ақпараттық технология мамандары кіреді.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - КР Оқу-ағарту министрінің 23.05.2024 № 117 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке тұлғалар (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттар тізбесін қоса бере отырып, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сауалнамасы бар өтініш ұсынады.

Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар түсken күні құжаттарды қабылдаған адамның тегі мен құжаттарды қабылдаған күні көрсетілген қолхат береді.

5. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде көрсетілетін қызметті беруші конкурсның іріктеуге қатысу үшін үміткерлердің құжаттарын қабылдайды және оларды осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 8 -тармақта көрсетілген талаптарға сәйкестігін тексереді.

Құжаттар сәйкес болған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға 1 (бір) күн ішінде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша рұқсаттама береді.

Конкурсқа қатысуға арналған рұқсаттаманың екі данасына және қолхатқа тіркеуіші немесе техникалық хатшы, заңды өкіл және/немесе үміткер алдын ала қол қояды және көрсетілетін қызметті берушінің мөрімен/мөртабанымен расталады. Қол және мөр/мөртабан қойылмаған рұқсаттама жарамсыз болып табылады. Рұқсаттаманың бір данасы мен қолхатты тіркеуіші немесе техникалық хатшы үміткердің жеке ісіне тігеді, рұқсаттаманың екінші данасы үміткерге не оның заңды өкіліне тапсырылады.

Техникалық хатшы құжаттарды қабылдау кезінде осы Қағидаларға сәйкес ұсынылған құжаттар негізінде мәліметтерді енгізу арқылы Бірыңғай ақпараттық білім беру ортасында (бұдан әрі - БАБО) үміткерлердің дерек қорын қалыптастырады.

Көрсетілетін қызметті алушы және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдар, объектілер, деректер мен мәліметтер осы Қағидалардың 2-қосымшасының 8 - тармағының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.05.2024 № 117 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

6. Қабылдау комиссиясының төрағасы емтихан материалдарын қалыптастыру және буып-түю үшін тестілеу аудиторияларындағы үміткерлердің саны туралы ақпаратты 7,8,9-сыныптар үшін конкурс өткізілгенге дейін күнтізбелік 35 (отыз бес) күн бұрын ұсынады.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.05.2024 № 117 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7. Көрсетілетін қызметті алушы Негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) белгіленген мерзімдерден кеш конкурстық іріктеуге қатысу туралы өтініш берген, сондай-ақ қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған кезде көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес қолхат береді.

8. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуі қамтамасыз етеді.

**3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне шағымдану тәртібі**

9. Мемлекеттік қызмет көрсетуге шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүзеге асырады.

Шағым әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын әкімшілік органға, лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып жатқан лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жолдайды.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып жатқан лауазымды адам, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде оң шешім қабылдаған жағдайда шағымда көрсетілген талаптарға толық сәйкес келетін әрекет жасаған шағымды қарайтын органға шағымды жібермейді.

10. "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

11. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау және бағалау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

12. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасы Әкімшілік іс жүргізу және іс жүргізу кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен шағымданғаннан кейін сотқа шағымдануға жол беріледі.

"Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру үйімінде дарынды балалардың оқуына ақы төлеу үшін Қазақстан Республикасы Президентінің "Оркен" білім беру грантын тағайындауға арналған конкурсқа қатысу үшін құжаттар қабылдау"  
мемлекеттік қызметтің көрсету қағидаларына  
1-қосымша  
Қабылдау комиссиясына  
ата-анадан  
(өзге занды өкілден)  
Тегі \_\_\_\_\_ Аты \_\_\_\_\_  
Әкесінің аты \_\_\_\_\_  
Тұрақты тіркелген мекенжайы \_\_\_\_\_  
Тұрғылықты (нақты) тұратын мекенжайы \_\_\_\_\_  
Телефон нөмірі \_\_\_\_\_  
Жеке куәлік № \_\_\_\_\_  
Берген (кім және қашан)  
\_\_\_\_\_

## Отініш

Ескеरту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.05.2024 № 117 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Менің балам \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә., толық)

туған жылы \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_ қаласындағы \_\_\_\_\_  
бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқыту \_\_\_\_\_ тілінде  
жүргізілетін \_\_\_\_ сыныбында оку үшін өткізілетін конкурстық іріктеуге  
қатысуына рұқсат беруінізді сұраймын.

Осымен менің балам бөлінген гранттар шегінде оку үшін конкурсқа осы  
мектепке берген өтінішпен қатысатыны туралы "Назарбаев Зияткерлік  
мектептері" дербес білім беру үйіндегі дарынды балалардың оқуына ақы төлеу  
үшін Қазақстан Республикасы Президентінің "Өркен" білім беру грантын  
тағайындау қағидаларының және оның мөлшерлерінің талаптарымен  
тәнисқанымды растаймын.

"        "

(қолы)                  (өтінішті тапсыру күні)

#### **"Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ филиалдарында окуга үміткердің сауалнамасы**

Тегі (туу туралы күәлік немесе жеке күәлік бойынша)

Аты/ Әкесінің аты/ (туу туралы күәлік немесе жеке күәлік бойынша)

Азаматтығы	
Туған күні	
Ұлты	
Конкурсқа қатысу үшін таңдаған Назарбаев Зияткерлік мектебі	
Сынып	болжанып отырган оку салынын көрсетініз
Оку тілі	болжанып отырган оку тілін көрсетініз
Қай мектептен келді	Мектептің толық атап мен орналасқан жері
Байланыс деректері	үй телефоны _____ ұялы телефоны _____ e-mail _____

Занды өкілдің қолы

Ата-аналары, қамкоршылары туралы мәліметтер:

Тұысқандық дәрежесі/	Әкесі	Анасы	Қамкоршылары
Аты-жөні, туған жылы			
Азаматтығы			
Жұмыс/оку орны, қызметі			

Үй, жұмыс телефоны,  
жергілікті жер коды

## Мекенжайы бойынша деректер\*

Елді мекені/	Тұратын орны	Тіркелген орны
Облыс		
Қала		
Аудан		
Ауыл		
Көше, шағын ауданы		
Үй		
Пәтер		

\* Байланыс, мекенжай деректерініз өзгерген жағдайда 5 күн ішінде қабылдау комиссиясының мүшелерін ескерту қажет

Занды өкілдің қолы

Мен \_\_\_\_\_

Ата-анасының/занды өкілінің тегі, аты, әкесінің аты

(бұдан әрі - үміткер) Үміткердің тегі, аты, әкесінің аты  
ата-анасы/занды өкілі осы сауалнамада көрсетілген барлық ақпараттың  
толық және нақты болып табылатынын растаймын.

Біле тұра жалған немесе толық емес деректерді беру үміткердің конкурстан шығып  
қалуына, сондай-ақ тағайындалған жағдайда "Өркен" білім беру грантынан айыруға  
әкеп соғатыны маған мәлім.

Мен төмендегі:

- "Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру үйымдарында дарынды  
балалардың оқуын төлеу үшін Қазақстан Республикасы Президентінің "Өркен" білім  
беру грантын тағайындау қағидаларының;

- Назарбаев Зияткерлік мектептері жатақханаларының қызметін үйымдастыру  
қағидаларының талаптарымен;

- Зияткерлік мектептері оқушыларының ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес іскерлік,  
классикалық болып табылатын бірыңғай мектеп формасы мен оқушылардың сыртқы  
келбетіне қойылатын талаптармен таныстым.

Мен, үміткерге Қазақстан Республикасы Президентінің "Өркен" білім беру грантын  
тағайындаған жағдайда "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес  
Зияткерлік мектептерде белгіленген барлық ережелерді орындауға міндеттене отырып,  
оның ішінде үміткердің сыртқы келбеті және бірыңғай мектеп формасын киу  
міндеттемесіне қойылатын талаптарды орындауға кепіл беремін.

Жоғарыда көрсетілген талаптар мен міндеттемелер орындалмаған жағдайда  
оқушының Зияткерлік мектептердің құқықтық актілерінде көрсетілген тәртіптік

шараларға тартылуына және оның Зияткерлік мектебінен шығарылуына дейін алып келетіні маған мәлім.

Конкурсқа қатысу барысында алған сауалнамалық деректерді, конкурстық іріктеу нәтижелерін шетелдік әріптереге, мемлекеттік органдарға, сарапшыларға және өзге де мудделі ұйымдарға беруге, сондай-ақ "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ интернет-ресурсында орналастыруға қарсы емеспін.

Мен үміткердің дербес және биометриялық мәліметтерін жинақтауға, өндеге келісемін.

Үміткердің конкурстық іріктеуге қатысуына дербес жауапкершілікте боламын және үміткердің конкурстың барлық шарттары мен талаптарын сақтауын, сондай-ақ конкурсқа делдалдардың қатысуының тікелей өз бетінше қатысуын қамтамасыз етуге міндеттенемін. Үміткердің конкурстан өту кезінде конкурстың кезеңдерін ұйымдастыруға және өткізуға жауап беретін ұйымдардың қызметкерлерімен ізетті болуға міндеттенемін.

Күні \_\_\_\_\_ Қолы \_\_\_\_\_

"Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру үйінде дарынды балалардың окуяна ақы төлеу үшін Қазақстан Республикасы Президентінің "Өркен" білім беру грантын тағайындауға арналған конкурсқа қатысу үшін құжаттар қабылдау" мемлекеттік қызметтің көрсету қағидаларына 2-қосымша

**ЕскеRTУ. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Оку-ағарту министрінің 23.05.2024 № 117 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру үйінде дарынды балалардың окуяна ақы төлеу үшін Қазақстан Республикасы Президентінің "Өркен" білім беру грантын тағайындауға арналған конкурсқа қатысу үшін құжаттар қабылдау" мемлекеттік қызметтің көрсетуға қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	"Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру үйімы
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну әдістері	Өтінішті қабылдауды және мемлекеттік көрсетілетін қызметті беруді көрсетілетін қызметті беруші жүзеге асырады
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	Көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған сәтten бастап көрсету мерзімі күнтізбелік 1 (бір) күннен аспайды . Құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең

		ұзак уақыты – 20 (жиырма) минут. Көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ен ұзак уақыты – 30 (отыз) минут.
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Қағаз түрінде
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі өтініш берушіге осы Қағидаларға 3-қосымшага сәйкес нысан бойынша окуға конкурсқа қатысуға рұқсат беру немесе негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту болып табылады.
6	Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда көрсетілетін қызметті алушыдан мемлекеттік қызмет көрсету кезінде алышатын төлемақы мөлшерін және оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға (көрсетілетін қызметті алушыға) тегін көрсетіледі.
7	Жұмыс кестесі	<p>Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі: Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне (бұдан әрі - Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбі - жұма аралығында сағат 12.30-дан 13.30-ға дейінгі тұскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ға дейін, сенбі күні сағат 10.00-ден 15.00-ге дейін.</p> <p>Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетуіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі.</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің <a href="http://www.nis.edu.kz">www.nis.edu.kz</a> интернет-ресурсында, сондай-ақ Министрліктің <a href="http://www.edu.gov.kz">www.edu.gov.kz</a> интернет ресурсында ("Мемлекеттік көрсетілетін қызмет" болімінде) орнастырылған.</p>
		<p>1) Қағидаларға 1-қосымшага сәйкес конкурсқа қатысуға өтінім және толтырылған сауалнама;</p> <p>2) туу туралы куәлік немесе жеке куәлік (болған жағдайда) не</p>

Мемлекеттік қызмет көрсетеү үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

үміткердің цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін), жеке куәлік не занды өкілдің цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);

3) егер үміткер ағымдағы оқу жылын аяқтамаса және окуын жалғастырса бірінші жартышылдықтағы, Зияткерлік мектепте оқу сыныбының алдындағы өткен оқу жылындағы үміткердің үлгерімі мен мінез-құлыш табелінің көшірмесі. Қажетті құжаттар басшының қолымен және тиісті білім беру үйымының мөрімен куәландырылуы тиіс.

Орта білім беру үйымдарының 7-9 сыныптарында оқитын үміткерлердің, оқу бағдарламасының және білім беру деңгейінің айырмашылығына байланысты сынныптары Қазақстан Республикасы Білім беру үйымдарының сынныптарынан ерекшеленуі мүмкін шетелдік білім беру үйымдары мен халықаралық мектептердің окушыларын қоспағанда келесі оку жылында көрсетілетін қызметті берушінің ұқсас сынныбында қайта окуға үміткер болуға құқығы жоқ.

4) шетелдік білім беру үйымдарында немесе халықаралық мектептерде оқитын үміткерлер Қазақстан Республикасының білім беру үйымдарының бағдарламасы мен бағалау шәкілінен ерекшеленетін білім беру бағдарламасы мен бағалау шәкілін оку мектебінің бағдарлама мазмұны мен бағалау шәкілін түсіндіретін оку үлгерімі туралы табельге ресми хаттарды қоса береді (бага транскрипти);

5) 1 Мбайттан (мегабайт) аспайтын графикалық файл түріндегі 3x4 см өлшемдегі өтініш берушінің цифрлық фотосуреті немесе құжаттарды тапсыру кезінде қабылдау комиссиясында үміткердің суретін түсіру.

	<p>Фотосурет алдынғы жағынан жеңіл фонда, бет-әлпеті ешқандай кимылсыз бейтарап түрінде және аузы жабық күйінде түсірілу керек, онда бет фотосуреттің жалпы ауданының шамамен 75%-ын алу қажет. Компьютерлік сканерлеу, модельдеу немесе көшіру арқылы жасалған кескіндерді пайдалануға жол берілмейді. Суретке түсіру кезінде бас киім мен көзілдірік киоғе жол берілмейді. Көздер ашиқ, анық көрінуі және шашпен жабылмау қажет. Фотосурет өлшемі кемінде 450 x 600 пиксель, ажыратымдылығы дюйміне 600 пиксель (дюйм) болуы керек.</p>
9	<p>Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер</p> <p>1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігі анықталғанда;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің "Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру ұйымында дарынды балалардың окуяна ақы төлеу үшін "Қазақстан Республикасы Президентінің "Өркен" білім беру грантын тағайындау қағидалары мен мәлшерлерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-агарту министрінің 2023 жылғы 14 тамыздағы № 255 бұйр ығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33295 болып тіркелген) және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеуі;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушының "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес ұсынылған мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті</p>

		колжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы.
10	Мемлекеттік қызметті, онын ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	Көрсетілетін қызметті берушінің анықтама қызметтерінің байланыс телефондары <a href="http://www.nis.edu.kz">www.nis.edu.kz</a> интернет-ресурсында орналастырылған, мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефондары: 1414, 8 800 080 77777.

"Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру үйімінде дарынды балалардың оқуына ақы төлеу үшін Қазақстан Республикасы Президентінің "Өркен" білім беру грантын тағайындауға арналған конкурсқа катысу үшін күжаттар қабылдау" мемлекеттік қызметтің көрсету қағидаларына  
3-қосымша

**Мектептің атауы \_\_\_\_\_ сыныпта білім алу үшін конкурсқа қатысатын үміткердің рұқсаттамасы**

Ескеरту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.05.2024 № 117 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданыска енгізіледі) бұйрығымен.

"Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру үйімінде дарынды балалардың оқуындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің сиынында білім алу үшін конкурсқа қатысатын үміткердің рұқсат қағазы

АТӘ:		Үміткердің фотосы
ЖСН:		
ТЖК:		
Туған күні:		
Сыныбы;		 011119654250
Оқу тілі:	_____	
Күжат №:	_____	
Аудысым:	_____	

Тест өткізілетін аудитория: \_\_\_\_\_

Тест 2 күн өткізіледі (Астана қаласының уақытымен)

"\_\_\_\_\_" \_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ ж.

Тіркеу уақыты:

"\_\_\_\_\_" \_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ ж.

Тіркеу уақыты:

Үміткердің тестке келуі туралы белгі:

1-інші күн

2-інші күн

\_\_\_\_\_

Тіркеушінің қолы: \_\_\_\_\_ Күні: \_\_\_\_\_

"Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру ұйымында дарынды балалардың оқуына акы төлеу үшін Қазақстан Республикасы Президентінің "Өркен" білім беру грантын тағайындауга арналған конкурсқа катысу үшін құжаттар қабылдау" мемлекеттік қызметтің көрсету қағидаларына 4-қосымша

**Ескерту. 4-қосымшада жоғарғы оң жақ бұрыш жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.05.2024 № 117 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.**

### **Өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат**

"Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ өтінішті қабылдаудан мына себептерге байланысты:

1) көрсетілетін қызметті алушы негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес

құжаттар топтамасын толық ұсынбағанда;

2) көрсетілетін қызметті алушы қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынғанда бас тартады.

(қажетті себептің астын сызу)

Осы қолхат әр тарап үшін 2 данада жасалды.

Орындаушы: Т.А.Ә. \_\_\_\_\_ Телефоны \_\_\_\_\_

Алдың: көрсетілетін қызметті алушының Т.А.Ә. / қолы

"\_\_\_\_\_" \_\_\_\_ 20 \_\_\_\_

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК